

Мұқашева М.Қ.¹, Картаева А.М.²,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің

¹докторанты, ²профессоры, ф.ф.д.,

Қазақстан, Өскемен қ., e-mail: kartaeva2011@mail.ru

**Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ
ӘДЕБИ ЭССЕ ЖАЗДЫРУ
(М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша)**

Мақалада қазақ педагогикасының көрнекті тұлғасы Қ.О. Бітібаеваның жаңа технологиясы негізінде эссе жаздыру әдістемесі арнайы сөз болады. Қазіргі мектеп бағдарламасында күн тәртібінде тұрған эссе жаздырудың әдістемесі жан-жақты талданып көрсетіледі. Авторлар Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту» технологиясы арқылы оқушылардың танымдық-шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік күзиреттіліктерін ояуды мақсат еткен өзінің іс-тәжірибесінің үлгісін ұсынады. Өз іс-тәжірибесі бойынша оқушылардың қызығушылықтары мен ынтасын, ойлау белсенділіктерін дамытатын мәтіндерді М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы арқылы дәлелдейді.

Түйін сөздер: жаңа технология, әдеби эссе, әдебиетті оқыту, шығармашылық жұмыс, жеке тұлға, модель, көркем мәтін.

Mukasheva M.K.¹, Kartayeva A.M.²,

¹Doctoral student, ²Doctor of Sciencey, professor

of S. Amanzholov East Kazakhstan State University,

Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, e-mail: kartaeva2011@mail.ru

**Writing of the literary essay on the basis of new technology of K. Bitibayeva
(According to the epic novel by M. Auezov «the Way of Abay»)**

This articlet is about a technique of writing of the essay on the basis of the new technology of outstanding person of the Kazakh pedagogics K.O. Bitibayeva. The technique of writing of the essay in detail is analyzed and considered on the agenda of the modern school program. K. Bitibayeva's technology «Oi tastay, oilanu» represents a model of pedagogical experience of the author which purpose is awakening of informative and creative abilities and research competences of pupils. It is confirmed, proceeding from own experience, on the example of texts of the epic of M. Auezov «the Way of Abay», the developing interest, motivation and cogitative activity of pupils.

Key words: new technology, literary essay, teaching literature, creative work, personality, model, art text.

Мукашева М.К.¹, Картаева А.М.²,

¹докторант, ²д.ф.н., профессор

Восточно-Казакстанского государственного университета имени С. Аманжолова,

Казакстан, г. Усть-Каменогорск, e-mail: kartaeva2011@mail.ru

**Написание литературного эссе на основе новой технологии К. Битибаевой
(по роману-эпопее М. Ауэзова «Путь Абая»)**

В статье речь идет о методике написания эссе на основе новой технологий выдающейся личности казахской педагогики К.О. Битибаевой. Методика написания эссе подробно анализируется и рассматривается на повестке дня современной школьной программы. Технология К. Битибаевой «Ой тастау, ойланту» представляет собой образец педагогического опыта автора, целью которого является пробуждение познавательно-творческих способностей

и исследовательских компетенций учащихся. Это подтверждается, исходя из собственного опыта, на примере текстов эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая», развивающих интерес, мотивацию и мыслительную активность учащихся.

Ключевые слова: новая технология, литературное эссе, преподавание литературы, творческая работа, личность, модель, художественный текст.

Кіріспе

Әлемдік педагогикада есімдері жарқыраған Ю.К. Бабанский, Ш.А. Амонашвили сынды педагогтармен қатар аталынған әйгілі ұстаз, «Қазақтың Хан апасы» атанған Қанипа Омарғалиқызының есімі бүгінде облысымызға ғана емес, еліміздің түкпір-түкпіріне, одаққа танымал. Оған дәлел Өзбекстандық ғалым Қазақбай Юлдашевтің: «Сізді қазақтың данышпан қызы деп таныдым...», – деген екен (Ферхо С., Байхонова С., Токпатаев У., Құрманова Ж., 2005: 130).

КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері. Н.К. Крупская медалінің иегері, Республикалық БЖИ және ШҚМУ, Шәкәрім атындағы Семей ПИ профессоры – Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы мектепте әдебиет пәнін оқытудың теориясы мен әдіс-тәсілдері, технологиясы жайында біршама еңбектер, Абайды оқыту туралы екі кітап, Әуезовті оқыту туралы үш кітап жазды. Бұл еңбектер – ұлыларды оқыту туралы Республикадағы тұңғыш іргелі зерттеулер. Ұстаздың бұл еңбегін дер кезінде бағалап жатқандар, ол туралы қоғам қайраткері, Халықаралық Абай Клубының президенті, жазушы Роллан Сейсенбаев: «Қанипа – Ұлы ұстаз, Ұлы әйел. Кенестік дәуірдің кезінде Қазақстанда бірінші болып СССР Мемлекеттік сыйлығын алу деген – нағыз батырлық», – деп әділ төрелігін айтқан екен (Ферхо С., Байхонова С., Токпатаев У., Құрманова Ж., 2005: 125).

«Академиялық білімді, ұлтжанды, жүректі, наркескен тілді, тұлғалы сырт келбетіне ішкі сұлу сарайы үндесіп келіп жатқан, әріптестерді айтқандай, «Ұстаздық энциклопедиясы», «Хан апасы», «Қазақтың Қанипасының» еңбектері, іс-тәжірбиесі жалғасын тауып, әріптестерінің ізденіс көзіне, қайнар бұлағына айнала беретініне кәміл сенеміз», – деп Роза Баттал жазғандай, Қанипа Омарғалиқызының артына қалдырған өлшеусіз мол мұрасы, педагогикалық технологиясы мен ғылыми еңбектерінің бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы зор.

Қанипа Омарғалиқызының «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы – жас ұрпақты жаңашылдыққа, зерттеушілікке, құзырлыққа жетелейтін бірден-бір құрал. Ұстаздың жаңа технологиясын сөз еткенде мына бір пікіріне жүгінбесек болмас: Біздің «Ой тастау, ойланту» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субъект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген», – дегендей (Бітібаева Қ.О., 1997: 2), шығармашыл ізденістегі құзырлы тұлғаны баулуда ұстаздың жаңа технологиясының тиімділігі өте зор.

Осы орайда ғалым ұстаздың тағы бір пікіріне жүгінбесек болмас: «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе – өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауда, не соны қаз-қалпында мазмұндатуды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында», – деп жаңа технологиясының маңыздылығын атап көрсетеді (Бітібаева Қ.О., 1997: 5), Қ. Бітібаеваның жаңа технологиясы оқушының алған білімін өз еркімен шығармашылық деңгейге жетелеуіне, көздеген тақырыпқа өзінің сыни көзқарасын танытып, зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуына, оқушылардың «өзін-өзі», «бірін-бірі» оқытуына жол ашады.

Қазіргі заман – білім-ғылымның, ақпараттың жаһандану ғасыры. Әлемде болып жатқан өзгерістер еліміздің экономикасына ғана емес, білім саласына да әсерін тигізуде. Білім берудің мазмұны жаңа форматқа бет бұрып, жаңаша көзқарас пайда болды. Әлемдік білім беру жүйесінде «XXI ғасырда нені оқыту керек?», «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» деген мәселелер қойылып отыр.

Заман талабына сай жан-жақты дамыған, сындарлы ойлай алатын, білімді де ізденімпаз құзырлы тұлғаны қалыптастыру үшін де Қ. Бітібаеваның жаңа технологиясының өміршеңдігі зор.

Ұстаздың жаңа технологиясы арқылы әдеби эссе жаздырудың тың жолдарынан іздену – бүгінгі заман талабы. Эссе жазу – қазіргі таңда жазба жұмыстарының тың түрі, мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа формат болып отыр. «Қысқа әдеби энциклопедиясында»: «Эссе – бұл белгілі бір тақырыпты түсіндіретін және жеке көзқарастарды, оған байланысты ойларды басқа жолмен жеткізу әрекетін білдіретін шағын көлем мен еркін композициядағы прозалық шығарма», – деп анықтама берілген.

Орыс ғалымы Г.Ю. Ксензованың: «Учебное – это труд, причем нелегкий, но при пра-

вильной его организации он способен принести радость творческих открытий»-деген тұжырымы эссе жаздыру үрдісіне қатысты айтылып тұрғандай (Ксензова Г.Ю., 2001: 30). Яғни, оқушының жеке көзқарасын танытатын шығармашылық туындысы. Дәстүрлі оқытуда жазылып келген шығармадан эссенің айырмашылығын 1-кестедегідей саралауға болады.

Дамыта оқыту технологиясының негізін салушы академик-ғалым В.В. Давыдовтың: «Существовало такое массовое образование, в котором учебная деятельность детей была крайне свернута, а ее содержание было сведено в основном к эмпирическим знаниям и утилитарным умениям» – деген сөзі жоғарыдағы пікірдің шындығын дәлелдеп тұр (Давыдов В.В., 1992: 4).

	Эссе	Шығарма
Анықтамасы	Эссе дегеніміз (<i>фр. тіл. essai -тәжірибе, лат.т. exagium – құрау</i>) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін.	Шығарма – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Оқушыдан көркем шығарманы өзіндік ой-пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, әсерлі, көркем тілмен жүйелі баяндауы талап етіледі.
	Эссе – еркін композициялық құрылымға негізделген немесе көркем-публицистикалық жанрдың бір түрі	Шығарма – белгілі бір берілген тақырыпқа арналған, міндетті құрылымнан тұратын, тек пәндік білімге бағытталған шығармашылық жұмыс.
	Эссе қатаң түрде жоспарға негізделуі міндетті емес.	Шығармада жоспарды жазу міндетті.
	Эссеге көзқарас, сараптама, дәлелдемелерге негізделеді.	Шығарма формасы оның түріне байланысты, көбінесе көркем мәтінді талдауға негізделеді.
	Эссенің мақсаты – оқырманға ой қозғау, толғанысын тудыру,	Шығарманың мақсаты – жазылым тілін дамыту.

Ал қазіргі оқыту жүйесінде жеке тұлғаның талап-тілегі, еркіндігін ескере отырып, эссе жаздыру алдындағы мақсаттарды төмендегідей саралауға болады:

- жеке тұлғаның сыни көзқарасын;
- Аналитикалық ойлау қабілеттерін, логикасын дамыту;
- Өзін-өзі тану, өзіне-өзі сын көзімен қарау, өз мүмкіндіктері мен іскерліктерін тани білуге, өзіне деген сенімінің нығаюына ықпал ету;
- Тәжірибе мен білімдерін жаңа мақсатқа пайдалана білуге, дәлелдемелер келтіруге дағдыландыру;
- Өз шығармашылық іс-әрекеттері арқылы интеллектілерін дамыту;
- Сауаттылық, жазу мәдениеті, әдеби тілдерінің дамуына ықпал ету;

– Алдарына мақсат қоя білу, оған жету үшін ерік-қайраты, қажырлылығын қалыптастыру.

Қазіргі оқыту талаптарын эссе жаздыру үрдісінде басшылыққа алу үшін, оны жаздырудың инновациялық жолдарынан іздену үшін мұғалім іс-әрекеті төмендегідей мәселелерді шешуге бағытталу керек.

- Мұғалім өзінің іс-әрекетінің технологиясынан ғана емес, ең алдымен оқушылардың оқу таным белсенділігін арттыру технологиясын іздеу, ойластыру;
- Оқушыны дербес, өзіндік ізденіске, өзін-өзі оқыту үрдісіне баулу технологиясын ойластыру;
- Жеке тұлғаның ішкі мүмкіндіктерін тани отырып, оны жан-жақты дамыту жолдарынан ізденуді алдыға қойып отыр.

Қазақ әдебиеті сабағында эссенің әр түрін тақырыпқа сай тиімді қолдандыру, мұғалімнің шеберлігін талап етеді. Яғни, эссе жаздыру әдістемесінің негізінде жүзеге асады. Соның ішінде тәжірибеде, жасыратыны жоқ, әдеби эссе кеңінен өріс алған.

Эксперимент

Өз іс-тәжірибемізде Қ. Бітібаеваның жаңа технологиясы арқылы әдеби эссе жаздырудың тың жолдарын ұсынып отырмыз.

Модельге негізделген әдеби эссе (М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша).

Қ.Бітібаеваның «Жаңа білімді меңгерту / ЖБМ/» бойынша алдын-ала берілген тапсырма:


1. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының «Қайтқанда» бөлімінің 3-9 беттерін оқу;

2. Оқушылар «Абай жолының» берілген беттері бойынша өз қиялдарына ерік бере отырып, «Абай аулы» модель жасайды.

а) Бұл модельде «Абай аулына» дейінгі мекен-жайлардың аты, бағыты берілген. Үзіндіде оларға қысқа болса да сипаттама жазылған. Енді оқушылар төмендегідей тапсырмаларды орындайды.

3. Автордың айтқысы келген идеясын болжап, автордың көзқарасына өз ойын таныта отырып, әдеби эссе жазу.

Модель үлгісі:



Тапсырмалар:

М.Әуезов «Абай жолы» («Қайтқанда» бөлімі)	«Абай аулы» (әдеби эссе)
<ul style="list-style-type: none"> – ...Барлық айналадағы кең дүниеге, әсіресе мынау өзі туған сахара, өлке белдеріне соншалық бір туыскандық ыстық сезіммен, кешіріммен де қарайды... – Есембай жазығы. Осы жердің адамы болмаса... – Баланың барынша сағынған көрінісі... 	

I мәтін.

...Күнұзын аттан түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған. Кей-кейде өзіне таныс Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс-құдықтардың тұс-тұсына келгенде бала оқшау шығып, астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып та алады...

...Ал «Қарауыл биігі анау, жасырын жырасы мынау» деген Есембай-Найзатастар болса, ол Абайдың өз аулының аса мәлім қоныстары. Көктем мен күз уақыттарында, жылына екі рет

осы жерлерге Құнанбай ауылдары келіп қонып, ұзақ уақыт отырып, жайлап кететін. Анай көрініп тұрған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл-қонысы, қой өрісі – барлығы соншалық таныс, жақын. Тіпті былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын. Сонда тайға шапқан, асық ойнаған құрбы балаларымен жаяу жарыс жасап, асыр салған ең соңғы бір ыстық қоныс осы болатын... (Әуезов М.О., 2003: 7).

II мәтін.

Қыс бойы ауылды, елді сағынғанда есінен кетпейтін соңғы күндері дәл осы Есембайда өткен.

Жазықсыз сары биік, көкшіл қоныс, ақ көделі әдемі өлке мұнарланады. Барлық айналадағы кең дүниеге, әсіресе мынау өзі туған сахара, өлке белдеріне соншалық бір туысқандық ыстық сезіммен, кешіріммен де қарайды. Жабыса, сағына сүйеді. Үзілмей, қатаймай, бір қалыппен желпіп соққан әдемі салқын қоңыр жел қандай рақат. Осы желмен құлпыра, толқып, су бетіндей жыбыр қағып шалқып жатқан ал күрең көде мен селеу далалары... дала емес – теңіздей қандай! Сол даладан көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, ұзақ-ұзақ қарайды. Шамасы келсе, бұл жерлерді құбыжық көру емес, үрке қарау емес, құшағын керіп аймалар еді... (Әуезов М.О., 2003: 7).

III мәтін.

Көлқайнар суы мөлдір, мол бұлақ болғанмен, кең қоныс емес. Жайлауға қарай, Шыңғыс асқалы беттеп келе жатқан елдің үш-төрт аулы қонышты.

Бұның бәрі «Құнанбай аулы» деп аталады. Өзінің аулы мен жақын туысқандарының ауылдары.

Көлемі аз бұлақтың айналасына жиі қонған ауылдардың үйлері де, шұбыртқан малы да, адамдары да кешкі мезгілде ыю-қию араласып жатқан сияқты. Жер ошақтардан шыққан түтіндері де біріне-бірі қосылып ұласып, тұтасқан көкшіл мұнарадай тарайды. Үрген иттер, мал қайырған айқайлар, маңыраған қой, қозы шулары араласып жатыр. Кешкі суға келе жатқан қалың жылқының кісіней шапқан дүбірі, шаң-тозаңы болсын немесе оқта-текте азынай кісінеп, үйірін іздеп шапқан, мінуден босаған жас айғырлар дауыстары болсын – барлығы да осы отырған ауылдардың осы кештегі тіршілік тынысын білдірген сияқты. Баланың барынша сағынған көрінісі... (Әуезов М.О., 2003: 8).

Эссе жазу әдістемесі қаншама күрделі болса, оны талдау, бағалау жолдарынан іздену де еңбектенуді қажет етеді. Әсіресе оқушы еңбегін бағалау – дәстүрлі оқытуда да, қазіргі технологиялық оқытуда да күн тәртібінен

түспей тұрған өзекті мәселе. Орыс ғалымы В.И. Журавлевтың: «Нередко весь класс утверждает, что оценка объявленная учителем, не соответствует качеству и уровню знаний, которые продемонстрировал отвечающий. Что в других случаях, другим учащимся тот же учитель ставит оценку выше. Конфликт в связи с этим во многом зависит от реакции учителя и от мастерства, надежности, открытости критериев, которыми он руководствуется, оценивая знания и умения»-деген пікірі ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін шындық (Журавлев В.И., 1995: 79).

Бұл сабақта эссені талдау, қорытындылау «өзін-өзі», «бірін-бірі» бағалау әдістері арқылы жүргізілді:

Бірінші кезеңде: эссе мұғалім тарапынан тексеріліп, қорытынды талдау әр оқушының дәптеріне жазылады.

Екінші кезеңде: оқушылар бірін-бірі бағалап, пікір-талдауларын мұғалімнен соң жазып отырады.

Үшінші кезеңде: әр оқушы өзінің жұмысына жазған талдауларды оқып, аяғына өз пікірін / келісетін немесе келіспейтіндерін/ жазып қояды.

Төртінші кезеңде: мұғалім қайта жинап алып, қорытындылайды.

Бағалаудың бұл әдісі уақытты талап етеді. Бірақ оның тиімділігі оқушыларды өзіне сынмен қарауға, әділдікке баулиды, бір-бірін оқыту, өзін-өзі оқытуға дағдыландырады. Тек оқушылар ғана емес, мұғалімнің де бағалау технологиясын жетілдіру айналасындағы ізденісіне ықпал етеді.

Қорытынды

Модельге негізделген әдеби эссенің ұтымдылығын былай тұжырымдауға болады:

- оқушылардың белгілі бір мәселені көтеруі;
- автордың көзқарасына, шешіміне сыни көзқарасын танытуы;
- Көркем мәтінмен жұмысқа жетелеуі, оны талдауға үйренуі;
- оқырманға ой тастауы, ой қозғауы;
- «Абай жолы» эпопеясын оқу үрдісі жалғасады.
- Жазба жұмысына төселдіреді.

Әдебиеттер

Ферхо С., Байхонова С., Токпатаев У., Құрманова Ж. Аңызға айналған ұстаз. – Өскемен: ТОО «Медиа-Альянс», 2005. – 224 б.

Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 284 б.

Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологий. – М, 2001. – 222 с.

Давыдов В.В. Психологическая теория учебной деятельности и методов начального обучения, основанных на содержательном обобщении. – Томск, 1992. – 302 с.

Әуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопеясы. – Алматы: Жазушы, 2003. – 365 б.

Журавлев В.И. Основы педагогической конфликтологии. – М, 1995. – 300 с.

References

Auezov M.O. (1997). «Abai zholy» roman- epopeyasy. [Epic novel “The Path of Abai”]

1-tom. - Almaty: Zhazushy, 2003. 365 b. (In Kazakh)

Bitibayeva K.O. (1997). Adebietti okytu adistemesi. [Kazakh literature method] Almaty: Rauan,1997. 284 b. (In Kazakh)

Davydov V.V. (1992). Psihologicheskaya teoriya uchebnoy deiatelnosti I metodov nachalnogo obucheniya osnovannyh na sodержatelnom obobshenii. [Psihologicheskaya teoriya uchebnoy deiatelnosti I metodov nachalnogo obucheniya osnovannyh na sodержatelnom obobshenii]-Tomsk, 1992. 302 s. (In Russian)

Ferho C., Baihonova C., Tokpataev U., Kurmanova Zh. (2005). Anyzga ainalgan ustaz. [A teacher whose name became a legend]- Oskemen: TOO «Media-Alians», 2005. 224 b. (In Kazakh)

Zhuravlev V.I. (1995). Osnovy pedagogicheskoi konfliktologii. [Osnovy pedagogicheskoi konfliktologii] Moskva: Rossiiskoe pedagogicheskoe agentstvo, 1995. 300 s. (In Russian)

Ksenzova G.Yu. (2001). Perspektivnye shkolnye tehnologii. [Perspektivnye shkolnye tehnologii]- Moskva, 2001. 222 s. (In Russian)